

“Bal Aitum” бобекжан бакшасы

25 настан
Республика Еуропа

Тәрбиеці: Сейлова Саян
Тол: “Балдырган” аралас тобы

2024 – 2025 оку жылдары

*Бекінешік
Д.Сұлтанова*

25 Қазан – Республика Қүні

Тәрбиеші:

Сәлем, балалар! Бұгін біз еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының күніне арналған мерекелік шара откіземіз! Біздің еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін тойлау үшін жиналдық.

Тәуелсіздік туралы Әңгіме

(Тәрбиеші балаларға Тәуелсіздік туралы кысқаша әңгімелеп береді.)

Тәрбиеші:

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады. Бірақ Республика қүні 25 қазанда, яғни 1990 жылы біздің еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданған күні аталаған болады.

Қазақстан Туы мен Елтаңбасы

(Балалар Қазақстанның туы мен елтаңбасын көрсетеді.)

Тәрбиеші:

Біздің еліміздің туы мен елтаңбасы – патриотизмнің символы. Туымыз көк түсті, ал Елтаңбамызда қанатты барыс бейнеленген. Олар біздің ұлттық болмысымызды көрсетеді.

Патриоттық Ән

(Балалар «Менің Қазақстаным» әнін орындайды.)

Тәрбиеші:

Енді, балалар, «Менің Қазақстаным» әнін орындаймыз. Бұл ән – елімізге деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

Би

(Балалар ұлттық би немесе мерекелік би билейді.)

Тәрбиеші:

Біздің мәдениетіміздің бір бөлігі – би. Балалар, ұлттық биді бірге билеп көрейік!

ҚАРА ЖОРҒА биін билсу.

Ойын

(Балаларға «Кім жылдам?» ойынын өткізу.)

Тәрбиеші:

Енді ойын ойнайық! «Кім жылдам?» ойынында мен сұрақтар қойғанда, сіздер жауап берулерініз керек.

Додоэкадр арқылы Ту, Елтаңба, Әнүранның авторлары кім?

Тәуелсіздіктің кай жылы алдың?

Тұнғыш Президентіміз кім?

Қазіргі Президентіміз кім?

Ұлтық құндылыққа байланысты ойындар ойнату

Тәрбиеші: Балаларға ұлтық салт дәстүр, ұлтық тағамдар, ұлтық ойындар, ұлтық киімдер туралы дайындалған ойындар тарату. (Балалар екі топка бөлініп ойындар ойнайды.)

Балалар сахнага шығып, Қазақстан туралы корытынды тақпактарын айтады.

Сафия: Сарқылмайтын қуатым,

Тірегімсің Қазақстан.

Мәңгі соғып тұратын.

Жүргімсің Қазақстан.

Кәусар: Аспан тұстес көгілдір,

Тік бұрышты матаңың.

Ортасында төгіп тұр,

Күн жаяды шапағын.

Мұхаммеджан: Астында оның қалқыған,

Қыран құстың бейнесі.

Азат елдің шалқыған,

Көңілі деп білерсің.

Муса:

Елтаңбасы елдігім

Елдің тыныш тірлігі.

Мадина:

Құтты болсын Республика мерекесі

Мықты болсын еліміздің керегесі

Тату тәтті бұл халқымыз әрқашанда

Кетпесін туған жердің берекесі.

Айбархан:

16шы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн,

Мерекеге ел тосқан

Атам менен барғанмын.

Альтайыр:
Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой.
Отандастар ұгады,
Республика күні - ұлы той.

Әлиниұр: Республика күні – мактапнышымыз

Жақсылар жанын киды қасіретпен,
Алаштың ерлері бар асыл өткен.
Арманым болмас еді-ау туган елім,
Гүл жайнап, қазақ болып тасып өтсем.

Асылым: Қазақстан – өр елім

Өр Елім, мандайындан жарық көрдім,
Бабалар өнегесін алып келдім.
Ескерткіш Елім үшін орнатпасам,
Мына жалған өмірге неғып келдім?

А.Айлин: Жарқыраған Қазақстан

Рухынан жақсылардың нұр саулаған,
Жанымды мейірімі күрсаулаған.
Жайсан өлке, жайдары Қазақстан,
Шуақ шашқан сәулелі күнсін маган!

Ә.Айлин: Республика күнімен құттықтаймын!

Нұрына шомылдырып алтын күннің,
Республикам ертеңге талпындырын.
Өзінен шабыт алып ақын қиял,
Шалықтап кен далада шалқып журмін.

Бағдаулет: Тәуелсіз Қазақстан

Егемен елім десем, сенім кіріп,
Бойымды билеп кетер сенімділік.
Ешкімге ауыстырmas алтын Отан,
Жырлаймын қасиетінді төгілдіріп.

Аяла: Қазақ ұлтының күні

Жарқырап жанған күндей азаттығы,
Көрінер ұлтымның да ғажаптығы.
Республика күнімен құттықтаймын,
Өйткені ол — Ұлт күні, Қазақ күні!

ҚорытЫнды

Тәрбиеші:

Бүгінгі шарамызды қорытЫндылай келе, Қазақстан Республикасы күнімен баршаңызды құттықтаймын! Біздің еліміздің болашағы жарқын, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Жаса, жаса қазақ елі әнімен балалар сахнадан шығып кетеді.

